

AKIII



Америка Құрама Штаттары, АҚШ


(ағылш. The United States of America, USA) —

Солтүстік Америкадағы мемлекет. Аумағы 9,5 млн км² (әлемде 4-ші орын). Халқы — 320 млн адам (2013, әлемде - 3-ші орын). Астанасы —

Вашингтон қаласы. Тұрғын халқының саны жағынан ірі қалалары: Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес, Сан-Франциско, Филадельфия, Детройт, Бостон, Хьюстон, Вашингтон, Даллас, Питсбург, Балтимор, Сиэтл. Халықтың *66%-ы — протестанттар, 26%-ға жуығы католиктер*.



**1776 — АҚШ тәуелсіз
декларациясы жариялды**





• Әкімшілік жағынан 50 штаттан (бірімен-бірі шектесіп жатқан 48 штаттан және құрлықтың солтүстік-батысындағы Аляска, Тынық мұхиттың орталығындағы Гавай аралдарынан құрылған Гавай штаттары) және Колумбия федерациялық аймағынан тұрады. Штаттар 3133 аймаққа (немесе соған сай келетін әкімшілік бөліктерге) бөлінеді.



АҚШ ЖОҒАРҒЫ СОТЫ



АҚШ Конституциясы — АҚШ мемлекетінің негізгі заңы. 1787 ж. 17 қыркүйекте Филадельфияда қабылданған. Осы күнге дейін өз күшіне ие. Конституцияда 21 бөлімнен тұратын 7 бап бар, қосымша 27 түзету енгізілген.

АҚШ Конституциясы “биліктің бөлінісі” принципіне негізделген: заң шығару билігі **парламентке**, атқару билігі **президентке**, сот билігі **Жоғары сотқа** берілген. Биліктің осы үш тармағының әрқайсының өкілеттілігі нақты айқындалып көрсетілген. АҚШ азаматтарының құқықтары конституцияға 1789 ж. енгізілген алғашқы 10 түзетуде берілді. 11-27-ші түзетулер 1798-1972 ж. аралығында енгізілген (27-түзету күшіне енбей қалды). Конституцияға түзетулерді конгресс немесе штаттардың үштен екісінің заң шығару жиналыстарының өтінішімен арнайы шақырылған конвент ұсынады. Штаттардың төрттен үш бөлігінің заң шығару жиналыстары мақұлдаған соң түзету күшіне енеді. АҚШ штаттарының әрқайсысының өз конституциялары бар.

- ✓ АҚШ үкіметі үш тармаққа бөлінеді:
 - ✓ Заң шығарушы: АҚШ Парламенті — **Конгресс** деп аталады. Конгресс тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан: **Сенаттан және Өкілдер Палатасынан** тұрады.
 - ✓ Атқарушы: АҚШ Президенті — мемлекеттің басшысы, бас әскери қолбасшы, ол заң жобасын жою құқығына ие болады
 - ✓ Сот: **Жоғарғы Соты және федералдық соттар**
 - ✓ АҚШ-да екі бас партия бар:
 - ✓ **Демократиялық партиясы** — 1824 ж. құрылған. Джон Кеннеди, Билл Клинтон, Барак Обама осы партияның мүшелері.
 - ✓ **Республикалық партиясы** — 1854 ж. құрылған. Джордж Буш, Рональд Рейган, Дональд Трамп осы партияның мүшелері.
-



Өкіл палатасы

Сот билігі, заң шығару және атқару биліктері бір-бірінен ажыратылады, қоғамда туған шиеленістерді заң бойынша қарайды. Сот тек заңға ғана бағынады. Барлық сот ісі ашық өтуге тиісті, бұл жағдай болмаса халық соттың тазалығына сенбейді. Сот тәуелсіз болуға тиісті. Бірақ оның осы нышанына кепілдік беру өте қиын, сондықтан ол үшін жағдай туғызу керек. Оның юрисдикциясы жалпы және заңды болуға тиіс. Соттың ісі ашық өтеді. Сот өзінің жеке ерсжелерін қабылдауға құқығы бар. Сот қызметкерлерінің иммунитетін мемлекет сақтайды және кепілдік береді. Сот қателескен жағдайда сотталған адам шағым арыз беруге құқықты.

АҚШ-та екі сот жүйесі бар: *федеративтік және штаттық.*

✓ *Федеративтік соттар* федеративтік заңдар бойынша пайда болған істерді, штаттар арасындағы таластарды, шетел өкіметтерінің қатысуымен қаралатын істерді ғана қарайды. Федеративтік соттарға округтік соттар да жатады. Олардың саны 54. Бұлар бірінші инстанциялық федеративтік соттар. Бұл соттарды округтік сот қызметкерінен басқа банкроттарды қарайтын, оларға көмектесетін магистрлер бар.

- ***Штаттардың соттары.*** Әрбір штаттағы сот жүйесінің ерекшеліктері бар. Бірінші инстанциясы-бір сот қызметкері, олар округтік сот деп аталады. Олар маңызды азаматтық және қылмыстық соттарды қарайды. Апелляциялық сот, Жоғарғы сот. Іске катысқан екі жақ бір апелляция беруге құқығы бар.
-

- ***Апелляциялық соттар.*** Олардың саны 12, қарайтындары апелляциялық істер. Округтік соттың апелляциясын үш сот қызметкері қарайды. Ең жоғарғы инстанция — Жоғарғы Сот, ол 9 адамнан тұрады, істі бәрі бірге қарасады. Федеративтік округтік соттың шешімдерін апелляция қарайды.
-

- Сот әкімшілігі қаржы, басқару, бюджет, сот қызметкерін оқыту мәселелерімен айналысады. Федеративтік жүйесі 27 адамнан тұратын Сот кеңес, мәслихат қарайды. Ол Басшы сот қызметкерінен, 26 жай сот қызметкерінен тұрады.
-

- Жоғарғы Соттың мүшелерін Президент өзі тағайындайды. Импиachment жүргізіп, оларды тек орнынан алуға болады. Штаттардың сот қызметкерлері екі сатыдан құрылады: тәуелсіз заңгерлер, заң шығарушылар, сот қызметкерлері, азаматтардан тұратын тәуелсіз комиссияның ұсынысы бойынша берілген тізімді тағайындайды немесе халықтың өзі сайлайды. Орнынан губернатор тек импиachmentмен алынады.
-

- **Прокурорлар** Заң министрлігіне бағынышты. Олар сот емес, атқару билігіне жатады. Бас Прокурорды Президент тағайындайды. Округтік федералдық соттардың прокурорлары бас прокурор деп аталады, оларды да Президент тағайындайды. Заң министрлігіне ФБР кіреді, ол АҚШ-қа қарсы істелген қылмыстарды қарайды.
 - Әрбір штатта бас прокурор бар, көбіне оны штаттың азаматтары сайлайды. Олар осы штатта істелген қылмыстарды тексереді.
-

- **Адвокаттар.** Сотқа қатысқан адамдар сотта өздерін өзі қорғауына болады немесе адвокаттарды алады. Ақшасы жоқ адамдар жергілікті заң көмек қоғамы арқылы адвокаттарды алады. Қылмыстық істерге қатыса-ын адвокаттарды кедей адамдарға Қоғамдық қорғаушылардың бюросы береді. Әрбір штат адвокаттарға лицензия беріп, білімдерін тексергеннен кейін ғана қызмет істеуге келісімін береді.
-